

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясы ректорының м. а.
2025 жылғы «18» сәуір
№ 06-01-25/86
бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының апелляциялық комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының апелляциялық комиссиясы туралы осы Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңын, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2025 жылғы 21 ақпандағы № 10-9/11 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға қабылдау Қағидаларына, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы 15 шілдедегі № 1-8/35 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясының (бұдан әрі – Академия) Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Академияның апелляциялық комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) мамандық бойынша түсу емтихандарын өткізу кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және туындаған даулы мәселелерді шешу мақсатында құрылады. Комиссия апелляцияларды қарау үшін қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде құрылады.

3. Апелляцияны қарау түсу емтиханның қайта тапсыру болып табылмайды. Комиссия емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша оқуға түсушілерден апелляцияға берілетін өтінішті қабылдайды және қарайды.

4. Комиссия Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы өткізетін мамандық бойынша түсу емтиханының бірінші кезеңі – кешенді тестілеу бойынша апелляция қабылдамайды.

2. Комиссияның құрамы мен құрылымы

5. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңес мүшесі (бұдан әрі – Кеңес), Академия оқытушылары кіреді, оның біреуі төраға болып табылады. Комиссияның сандық құрамы тақ болып табылады. Комиссия мүшелері әр түрлі құқық салалары бойынша мамандар болуы тиіс.

6. Комиссия құрамы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының келісімі бойынша Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі.

7. Комиссияның іс қағаздарын хатшы жүргізеді, оның шешім қабылдау кезінде дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

8. Апелляцияны қарау бойынша келесі құжаттары қабылдау комиссиясына сақтау үшін тапсырады:

- 1) Комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық;
- 2) оқуға түсушілердің апелляциялары;
- 3) апелляцияларды тіркеу журналы;
- 4) Комиссия отырысының хаттамалары.

3. Комиссияның өкілеттіктері мен функциялары

9. Комиссия:

- 1) апелляцияларды қабылдайды және қарайды;
- 2) емтихан материалдарының мазмұны және/немесе техникалық себептері бойынша апелляцияның негізділігін белгілейді;
- 3) түсу емтихан кезеңінің нәтижесін өзгерту немесе өзгертусіз қалдыру туралы шешім қабылдайды;
- 4) шешімді хаттамамен ресімдейді;
- 5) қабылданған шешім оқуға түсушінің назарына жеткізеді (қол қоюмен).

10. Комиссия төрағасы:

- 1) Комиссияның жұмысын ұйымдастырады, Комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөледі;
- 2) апелляцияларды қарау кезінде Комиссия мүшелерінің жұмысын басқарады;
- 3) апелляцияларды қарау ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 4) Комиссияның апелляцияларды қарау бойынша жұмысына қатысады;
- 5) Комиссияның апелляцияларды қарау бойынша жұмысының қорытындысын шығарады және бұл туралы есеп әзірлеп, оны қабылдау комиссиясының төрағасына жібереді.

4. Апелляция беру және қарау тәртібі

11. Қабылдау емтихан кезеңінің нәтижелері бойынша кезеңнің нәтижесімен

келіспеген оқуға түсуші, келіспеушілік себептерін негіздей отырып, жеке Комиссияға апелляция беруге құқылы.

12. Оқуға түсушіден апелляция қабылдау емтиханының нәтижелері жарияланған күннен соң келесі күннің сағат 13 сағат 00 минутқа дейін қабылданады.

13. Апелляция осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес Комиссия төрағасына Комиссия хатшысы арқылы беріледі.

14. Комиссияның мәжілісін өткізудің нақты уақытын оның төрағасы белгілейді және оқуға түсушіге хабарланады.

15. Комиссия оқуға түсушінің апелляциясын жеке тәртіпте қарайды.

16. Апелляция оқуға түсушіден келесі жағдайларда қабылданбайды және қаралмайды:

1) емтихан өткізу қағидаларын бұзғаны үшін оқуға түсушіні түсу емтиханынан шығару;

2) апелляция беру мерзімінің өтуі;

3) оқуға түсушінің Комиссия отырысына келмеген кезде.

Апелляция берген оқуға түсуші Комиссияның жұмысы басталғанға дейін оны кері қайтарып алуға құқылы.

17. Комиссияның отырысына емтихан комиссияның төрағасы немесе тиісті мамандық бойынша оның мүшелері шақырылуы мүмкін.

18. Апелляцияны қарау кезінде оқуға түсуші оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады. Басқа тұлғалардың оның атынан берген өтініштерін, соның ішінде сенімхат арқылы, Комиссия қабылдамайды және қарастырмайды.

19. Комиссия оқуға түсушіні, шақырылған емтихан комиссияның төрағасын/өкілін тыңдайды, оқуға түсушінің жұмысының мазмұнымен және емтихан материалдарымен танысады.

20. Оқуға түсуші Комиссия отырысы барысында өзі орындаған жұмысымен танысуға құқылы, оны Комиссия отырысы өткізілетін бөлмеден тыс жерге шығаруға құқылы емес.

21. Апелляцияны қарау нәтижелері бойынша Комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) апелляцияны қанағаттандырудан бас тарту және түсушінің нәтижесін (балдарын) өзгеріссіз қалдыру туралы;

2) апелляцияны қанағаттандыру және түсушінің нәтижелеріне (балдарына) өзгеріс енгізу туралы.

Бұл жағдайда комиссия оқуға түсушінің нәтижелері (балдары) туралы шешім шығарады, оған сәйкес оқуға түсушінің емтихан жұмысының бағасы (балдары) өзгереді және Комиссия шешімін ескере отырып, ведомость жасалады.

22. Комиссия шешімің Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды. Апелляцияны қарау нәтижесі осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес хаттамамен ресімделеді.

23. Комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

24. Комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін емтихан жұмыстары берілмейді және наразылықтар қабылданбайды.

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясының
апелляциялық комиссиясы туралы
Ережесіне 1-қосымша

**Түсу емтиханының
нәтижелері бойынша апелляция нысаны**

Апелляциялық комиссияның төрағасы

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(оқуға түсушінің тегі, аты-жөні (болған жағдайда))

Өтініш

Қабылдау емтиханы _____ кезеңінің нәтижесін қайта қарауды
сұраймын, себебі:

1. _____
2. _____
3. _____

(апелляция себебі)

(оқуға түсушінің қолы)

20__ ж. «__» _____

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясының
апелляциялық комиссиясы туралы
Ережесіне 2-қосымша

**Апелляцияны қарау нәтижелері бойынша
апелляциялық комиссия отырысы хаттамасының нысаны**

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі
академиясының апелляциялық комиссиясы отырысының апелляцияны қарау
нәтижелері бойынша
№ ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

20__ ж. «__» _____

Апелляциялық комиссияның құрамы: төраға _____, мүшелері
_____, оқуға
түсуші _____,
шақырылғандар _____ қатысуымен
_____ білім беру бағдарламасы бойынша
мамандық бойынша түсу емтихан _____ кезеңінің нәтижесі бойынша оқуға
түсуші _____
(тегі, аты-жөні толығымен (болған жағдайда))
апелляциясын қарады.

Шешті: _____

Комиссия төрағасы: _____
(қолы) _____ (тегі, аты-жөні (болған жағдайда))

Комиссия мүшелері: _____
(қолы) _____ (тегі, аты-жөні (болған жағдайда))

_____ (қолы) _____ (тегі, аты-жөні (болған жағдайда))

Комиссия хатшысы: _____
(қолы) _____ (тегі, аты-жөні (болған жағдайда))

Апелляциялық комиссияның шешімімен таныстым:

(қолы)

(тегі, аты-жөні (болған жағдайда))

20__ ж. «__» _____